



Автор: ЖУМАБАЙ АСЫЛБЕК

Пән: Қазақ тілі (Т1)

Сынып: 8-сынып

Бөлім: Кәсіп пен еңбек. Болашақ мамандықтары

Тақырып: 6- сабақ. Болашақ мамандықтары

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	8.Т/А4. Мәтінде көтерілген мәселені (тұрмыстық, әлеуметтік) талдай отырып, негізгі ойды анықтау;
Сабақтың мақсаты:	1. Берілген ақпаратты салыстыра талдай отырып, негізгі ойды анықтау 2. Айтылымдағы негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдай алады. 3. Берілген ақпаратты қолданып, көтерілген басты мәселені өз көзқарасы тұрғысынан талдау.
Тілдік мақсаттар:	Лексикалық минимум мамандық, маркетолог, IT-мамандыр, биотехнология, нанотехнология, логистер, Диалог құруға арналған тіркестер:-Болашақ мамандықтарына қандай мамандықтар жатады? - Болашақтың мамандықтарын қандай критерийлер бойынша анықтаймыз?
Күтілетін нәтиже:	• Айтылымда көтерілген мәселені талдап, негізгі ойды анықтайды. • Көтерілген мәселе бойынша тұжырым жасай алады. • Ақпараттағы көтерілген басты мәселені өз көзқарасы тұрғысынан талдау.
Бағалау критерийлері:	• Айтылымда көтерілген мәселені талдап, негізгі ойды анықтайды. • Көтерілген мәселе бойынша тұжырым жасай алады. • Ақпараттағы көтерілген басты мәселені өз көзқарасы тұрғысынан талдау.
Құндылықтарды дарыту:	Мамандық таңдаудың маңыздылығын түсіндіру.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интернеттен ақпараттар іздеу; Ақпараттарды мақсатқа сай сараптай алу.
Пәнаралық байланыс:	Экономикалық білім негіздері, информатика
Бастапқы білім:	Мамандық таңдау

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	-«Кинометафора» тәсілі. «Жойылып кетуі мүмкін 7 мамандық» видео көрсету. Ортаға жиналу. «Бір минуттық әңгіме» әдісі арқылы «Мен таңдаған мамандық» тақырыбында оқушылар қарама-қарсы сызық бойымен қатарға тұрып, жұптық, мамандық түрлеріне байланысты топта әңгіме жүргізеді. Мамандық түрлеріне байланысты топтарға бөлінеді. 1- топ- қызмет көрсету мамандықтары, 2- топ- әлеуметтік сала мамандықтары, 3- топ- техникалық мамандықтар, 4- топ- жаңаша мамандықтар. Оқушының бір-бірінен ақпарат алу дағдысын қалыптастыру. Дескриптор:-Сызық бойымен қалаған жұбымен қарама-қарсы сапқа тұрады; -Өзінің таңдаған болашақ мамандығы туралы кезек-кезек әңгіме айтады. -Тақтада жазылған мамандық салалары бойынша топтарға бөлінеді.	https://www.youtube.com/watch?v=MR9YRmq7bR4 Жойылып кетуі мүмкін 7 мамандық.

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (30 минут)	<p>1-тапсырма. «Зеттеушілік конференциясы» әдісі арқылы болашақтың 10 мамандығының тізбесін критерийлер арқылы жасату. Топта бірлесе талқылап, тізбені басқа топтарға ұсынады. Топтар келісу, келіспеу белгісін қояды. Келіспеу себептерін дәлелдейді.</p> <p>Болашақтың мамандықтар тізбесі</p> <p>Болашақ мамандық критерийлері Дескриптор: - Болашақ мамандықтар тізбесін жасайды; - Болашақ мамандықтарға критерий құрастырады; - Басқа топтар өз бағаларын беріп, себептерін дәлелдейді.</p> <p>2- тапсырма. «Сұранысқа ие мамандықтар» тақырыбында видео көрсетіледі. Видео негізінде бір топ таңдаған мамандық салалары бойынша SWOT талдау жасайды.</p> <p>Қалыптастырылатын дағдылар: • басқалармен жұмыс; • ойлау, шешім қабылдау; • проблемаларды шешу.</p> <p>Дескриптор: -Топтарға мамандық атауларын беру:1-топқа – логистер, 2- топқа- маркетинг, 3- топқа- биотехнолог, 4- нанотехнолог; -КӘМТ мағынасын, араларындағы айырмашылықтарын талқылап, түсіндіру; - көрсетілімдегі мамандықтарға қатысты ақпараттарға тұжырым жасап, өз көзқарастары тұрғысынан талдау.</p>	<p>8- сынып. Қазақ тілі оқулығы. 49-52 бет.</p> <p>https://www.youtube.com/watch?v=3HtIWJ49y1g</p> <p>Сұранысқа ие мамандықтар</p>
Сабақтың соңы (3 минут)	<p>Кері байланыс. 5-5-1 әдісі. Оқушылар сабақ кезінде нені меңгергендері жайлы 5 сөйлем жазады. Одан кейін сол 5 сөйлемді 5 сөзге дейін қысқартады. Соңында 5 сөзді 1 сөзге қысқартады. Оқушылар өздерінің түйінді сөзін бүкіл сыныппен бөліседі.</p> <p>конференциясы» Оқушының аты-жөні:</p>	
Рефлексия (2 минут)	<p>Бағалау. Топ сарапшылары өз тобының жұмыс нәтижесін кесте бойынша бағалайды. № Жұмыс түрі Бағасы 1 SWOT талдауға қатысуы 2 «Зеттеушілік</p>	